



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
2007 жылғы 11 қазандағы
№ 39 БАСПАСӨЗ - Р Е Л И З І**

**ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердің
Орталық (ұлттық) банктерінің басшылары
кеңесінің 18-ші отырысы туралы**

2007 жылғы 11 – 12 қазанда Алматы қаласында (Қазақстан Республикасы) Эуразия экономикалық қоғамдастығына қатысушы мемлекеттердің Орталық (ұлттық) банктерінің басшылары кеңесінің 18-ші отырысы өтті. Осы іс-шараны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұйымдастырды. Отырысқа ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердің Орталық (ұлттық) банктерінің, Мемлекетаралық банктің және ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің өкілдері қатысты.

Отырыс барысында тауар айналымына байланысты валюталық төлемдер және ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттер арасындағы тауарлар және қызмет көрсетулер экспорты мен импортының көлемі туралы мәліметтерді жиынтық талдау нәтижелері, Қоғамдастықтың ұлттық валюталары бағамдарының динамикасын олардың өзгерістерімен байланыстыра отырып талдау нәтижелері, ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердің төлем баланстарының жай-күйі, ХВҚ деректерін таратудың арнайы стандартты шеңберінде пайдаланылатын анықтамалар негізінде халықаралық резервтердің динамикасы, ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттер экономикасының конвергенциясының дәрежесін сипаттайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің сандық мәндері қаралды. Сонымен қатар, ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердегі банк секторын және банктік қадағалауды дамыту шеңберіндегі ынтымақтастық жасау мәселелері, ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердің банктеріндегі корпоративтік басқаруды ендіру практикасы, ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердегі трансшекаралық кредиттеу кезінде туындайтын кредиттік тәуекелдерді талдау нәтижелері, сондай-ақ ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің Орталық (ұлттық) банктері басшыларының кеңесін құру мәселесі талқыланды.

Отырыстың нәтижесі бойынша ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердің Орталық (ұлттық) банктерінің қызметкерлерін кәсіби оқытудың 2008 жылға арналған бағдарламасы бекітілді, қатысушы тараптың жыл сайынғы алмасуын ескере отырып «Кредит-қаржы саласындағы қауіпсіздікті кешенді қамтамасыз ету» тақырыбындағы қауіпсіздік жөніндегі жыл сайынғы халықаралық банк конференциясын өткізу туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар, Тараптар жыл Қоғамдастықтың ұлттық валюталарының бағамдарын динамикасын оларды өзгеру себептерімен байланыстыра отырып сайынғы негізде кешенді талдау жасаудың мақсатқа сай екенін мойындады.